НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
МӘСЛИХАТЫ
ҚҰРЫЛЫС, ЭКОЛОГИЯ, КӨЛІК, САУДА
ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ

МАСЛИХАТ
ГОРОДА НУР-СУЛТАН
ПОСТОЯННАЯ КОМИССИЯ
ПО ВОПРОСАМ СТРОИТЕЛЬСТВА,
ЭКОЛОГИИ, ТРАНСПОРТА, ТОРГОВЛИ И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА

010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№

22.12.2021 № 12 ге

**Тұрақты комиссияның**
**2021 жылғы**
**22 желтоқсандағы қаулысы**

**Елорданың қала**
**құрылысын дамыту**
**перспективалары туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы елорданың қала құрылысын дамыту перспективалары туралы ақпаратын тыңдап және талқылап, төмендегіні атап өтеді.

Отырыс барысында елорданы дамытуды жоспарлау кезінде аумағында инженерлік инфрақұрылым, су құбыры және кәріз жоқ немесе ақаулы жағдайда тұрған тұрғын үй алаптарын дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлінетіні атап өтілді. Мысалы, «Кирпичный» тұрғын үй алабының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы тұрғын үй алабының аумағында өндірістік базалардың жұмыс істеуін көздейді, бұл тұрғындарға тұрғын үйлер салуға мүмкіндік бермейді.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында білім беру ұйымдарының ғимараттарына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін 21-ге жуық ескі мектеп бар. Алайда оларды жаңғырту немесе бұзу жөніндегі іс-қимылдар алгоритмі жоқ.

Тротуарлар мен велосипед жолдары кіреберістермен жабдықталмаған, жол жиегіндегі тастар адамдардың кресло-арбалармен, велосипедшілер мен жаяу жүргіншілердің жүруіне кедергі жасайды.

2021 жылы 37 аула абаттандырылды, осы аулалардың соңғы жөндеуден өткеніне үш жылдан астам уақыт өтті. Бұған дейін қаланың аула аумақтарын паспорттау туралы мәселе көтерілген болатын, алайда мұндай паспорттар жоқ. Аула аумағының паспортының негізгі міндеті – жасыл қорды және аула аумақтарындағы барлық жасанды құрылыстарды түгендеу. Осы объектілердің сапалық және сандық сипаттамаларын біле отырып, аула аумақтарын оңтайландыру және абаттандыру бойынша жұмыстарды жоспарлауға болады.

Жасыл желектерді суару отынның көп жұмсалуын талап ететін, сондай-ақ жасыл желектердің айналасындағы аумақ пен инфрақұрылым объектілерін зақымдайтын суару машиналарымен жүргізіледі. Еріген жаңбыр суы үшін

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз
Бланк без серийного номера не действителен
000165

резервуарлар салуды және жасыл желектерді сорғы помпаларымен суаруды енгізу ұсынылады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Елорданың қала құрылысын дамыту перспективалары туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

елорданың бас жоспарының жобасын әзірлеу және мәслихатқа енгізу кезінде елорданың тұрғын үй алаптарын дамытуға назар аудару және тұрғын үй алаптарының аумақтарын дамыту жоспарын таныстыру;

елорданың ескі мектептерін жаңғырту жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын дайындау;

елорданың тротуарлары мен велосипед жолдарына бордюр съездерінің болмауы тұрғысынан мониторинг жүргізу және оларды жабдықтау жөнінде шаралар қабылдау;

елорданың аула аумақтарын паспорттау жөнінде ұсыныстар енгізу;

еріген жаңбыр суларына арналған резервуарлар құрылысының енгізілуіне талдау жасау, жасыл кеңістікті сорғыларымен суару және көгалдандырудың дамыған бағдарламасында көрсету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы**
**мәслихатының құрылыс,**
**экология, көлік, сауда және**
**тұрғын үй-коммуналдық**
**шаруашылық мәселелері жөніндегі**
**тұрақты комиссиясының төрағасы** **Б. Котырев**